**Бекітемін:**
**№28 «Ақбота»бөбекжай-балабақшасы**
**меңгерушісі______**
**Жолболды Б**

| Тобы | **Орта топ перспектива кестесі** | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Оқу жылы мен айы** | **Қыркүйек // 2021-2022** | | | | | | | | | |
| **Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі** | **Денсаулық** | **3** | **Қатынас** | **2** | **Таным** | **2,5** | **Шығармашылық** | **3** | **Әлеумет** | **0,5** |
| | Дене шынықтыру | 3 | Сөйлеуді дамыту | 1 | Математика негіздері | 1 | Сурет салу | 1 | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 0,5 | Құрастыру | 0,5 | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | Орыс тілі | 0,5 | Жаратылыстану | 1 | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Музыка | 1,5 | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | Вариативті компонент \Қатынас\ **«Ертегілер елінде»** | 1 | | | | | | |

| **Балабақша** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мақсаты:** балалардың балабақша туралы білімдерін толықтыру, балабақшаның адамның өмірінде алатын орны жайында ұғымдарды қалыптастыру. | | | | | |
| | | | | | |
| **Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.** | **Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Қуыршақ Дана сапта тұр" Мақсаты: балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі | **Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Ойыншықтармен танысу" Мақсаты: балаларға балабақша туралы түсінік | **Математика негіздері** Тақырыбы: "Ойыншықтарды жинайық" Мақсаты: балалардың "көп", "біреу", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін | **Сурет салу** Тақырыбы: "Түрлі-түсті доптар" Мақсаты: балаларды түрлі-түсті қарындашпен (фломастермен) қағаз бетіне көлемі әртүрлі дөңгелектерді, доптарды салуға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>;мі сап түзейміз!"<br>Мақсаты: балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын орындау іскерліктерін жетілдіру; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп қимыл үйлесімділігін сақтау жүру дағдыларын дамыта отырып, сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін дамыту; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдыларын қайталау. | **Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Это я". Знакомство".<br>Мақсаты. Формировать умение воспринимать русскую речь, понимать и употреблять по образцу взрослого слова, обозначающие приветствие, прощание, называние себя, упражняться в правильном произношении гласных звуков в словах. Развивать артикуляционный аппарат, фонематический слух, речь, слуховое и зрительное восприятие, диалогическую речь, внимание, мышление, положительные эмоции. Закладывать основы вежливого поведения, общения со взрослыми, светстниками. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Табиғат ғажайыптары"<br>Мақсаты: балалардың қоршаған табиғат туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту; ауа райын бақылауда маусымдық өзгерістерді байқап, ажырата білуге үйрету; балабақша туралы түсінік беру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ойыншықтар"<br>Мақсаты: балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Сапқа тұрайық"<br>Мақсаты: балаларды допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу дағдыларына және оқу қызметін пысықтау. | | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Балабақша - біздің үйіміз".<br>Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау; текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне | **Музыка**<br>Тақырыбы:"Біздің балабақшада ойыншықтар көп"<br>Мақсаты: балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыра отырып, әнді тыңдау, сипатын ажырата білуге іскерліктерін жетілдіру; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін дамыту; оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қою амалдарын игерту; достыққа тәрбиелеу. | | |
| **Вариативті компонент:** | - | **Вариативті компонент/«Ертегілер әлемінде»**<br>**Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісі<br>**Мақсаты.**: Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | - | . | - |
| | | | | | |
| **Менің отбасым** | | | | | |
| | **Мақсаты:** балалардың отбасы туралы білімдерін жетілдіру, отбасы мүшелерін атап, қуаныш сезімдерін білдіруге үйрету. | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Бауырсақпен шеңберге тұру"<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалатау дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету; достық қарым- | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Әлди-әлди санамағын мәнерлеп оқу. Дауысты [а], [ә] дыбыстары."<br>Мақсаты: балаларды педагогтің соңынан санамақ жолдарын қайталап айтуға үйрету; отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны жөнінде, қарапайым сөз тіркестерін құрап, айту біліктерін жаттықтыру; отбасы туралы ұғымдар қалыптастыру. Балалардың жуан [а] және жіңішке [ә] | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Әженің көмекшілері"<br>Мақсаты: балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру; отбасы жөнінде түсініктерді тиянақтау. Балалардың бөлмедегі отбасы мүшелері қолданатын құралдарды ажырату және олардың санын анықтау тәртібіне үйрету; саны біреу болған және саны көп заттарды салыстыру, заттарды жалпы белгі бойынша топтастыру біліктерін жетілдіру. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Дуал"<br>Мақсаты: балаларды қылқалам арқылы тіктөртбұрыш пішінінің бойымен тіке және көлденең сызықтарды айқастыра жүргізіп, дуалды салуға үйрету; құрылыс нысаны дуал туралы түсінік беру. Қылқаламның сабын үш саусақпен ұстап, бояуға малып, үстіден төмен немесе солдан оңға қарай, ұшынан көз алмай, түзу сызықтарды жүргізу техникасын игерту; | **- Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Менің отбасым"<br>Мақсаты: балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; отбасы туралы түсінік бере отырып, отбасы мүшелерінің аталуын жатқа айтуға үйрету; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; балабақша мен отбасының байланысы туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатынасқа, ептілік пен жылдамдыққа, ерік-жігерге тәрбиелеу; оқу қызметіндегі белсенділігін арттыру. | дауыстыларды сөздер құрамында нақтылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру; мәнерлеп сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. | | жұмыстың соңында қылқалам түгін төгілмеуіштегі суға шайып, тіреушеге қайта қоюға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіннің тұрақтылығын дамыту. | Отбасы мүшелерінің атаулары арқылы балалардың ойлауы мен зейінін, есте сақтауы мен қабылдауын, тілі мен дүниетанымын дамыту. |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Шеңберге өз еркімен тұрамыз"<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұру іскерліктерін қайталау; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалатау дағдысын жетілдіре отырып, түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына қайталау. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Мұрагер"<br>Мақсаты: балаларды "Мұрагер" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; ертегідегі адамдардың тіршілігі туралы мағлұматтар бере отырып, үлкендердің тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы туралы түсінік беру. Ертегі желісі арқылы балалардың тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Балалардың ертегіге қызығушылығын ояту; отбасы мүшелеріне деген құрмет пен үлкенді сыйлауға және еңбексүйгіштік пен қарапайымдылыққа тәрбиелеу. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Қошақаным"<br>Мақсаты: балаларға қошақан туралы ұғым беру; қошақанға күтім көрсету ерекшеліктері мен қошақанның өмір сүру қалпы туралы түсініктерін кеңейту; үй жануарларының өз бетімен табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсіндіру; үй жануарларының төлдерін бір-бірінен ажырата білуге үйрету; отбасы туралы түсінік беру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Әлди-әлди"<br>Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Әдемі шеңбер жасайық" | | | **Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: "Әжем пісірген тәттілер" | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: балаларды допты қақпаға дәлдеп домалатау дағдысын қайталау; түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын және оқу қызметтерін пысықтау. | | | Мақсаты: балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, түрлі нан өнімдерін жасауға үйрету; дөңгелектеу және тік есу мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру; нан өнімдері туралы түсініктерді кеңейту. Қамырдан саусақтармен үзу және жұлу, алақандар арасында дөңгелектеп илеу, тік есу арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту; пішіндерді қабылдау, жазықтықты және кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін жетілдіру. | |
| Вариативті компонент | | **Вариативті компонент/ «Ертегілер әлемінде»** **Тақырыбы:** «Бұл бауырсақ - кішкентай қу аң» **Мақсаты:** Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылық та-рын арттыру. | | | |
| | | | | | |
| **Табиғат әлемі** | | | | | |
| **Мақсаты:** балаларды табиғат әлемі жайлы білімдерін толықтыру; табиғат әлеміне қамқорлық танытуға тәрбиелеу. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Епсіз қонжық"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру, оқу қызметінде белсенділіктерін көтеру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Күн" мен "түн" суреттері бойынша әңгімелесу<br>Мақсаты: балаларға тәуліктің бөліктері күн мен түн құбылыстары туралы, олардың табиғат пен адам өміріне тигізген септігі туралы әңгімелеу; түрлі сөздік ойындарда ересектің соңынан сөздер мен сөз тіркестерін қайталап, айтқанын қимылдармен сүйемелдеуге үйрету; сұрақтарға бірден жауап беруге жаттықтыру. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Күн тәртібі"<br>Мақсаты: балаларға тәулік бөліктері жөнінде түсініктер беру, "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" ұғымдарын қалыптастыру, күн тәртібін пысықтау, "үлкен-кішкентай", "бір-бірден", "жоғары-төмен" ұғымдарын пысықтау. Балалардың тәулік бөліктерін байқауға үйрету, өз өміріндегі өзгерістерді тәулікке, күн тәртібіне сәйкестеуге үйрету; ақыл-ойды, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Жаңбырда өскен саңырауқұлақ"<br>Мақсаты: балаларды қарындаш арқылы саңырауқұлақ пен жауып жатқан жаңбыр тамшыларын салуға үйрету; композиция жөнінде түсінік беру; саңырауқұлақтың жаңбырдан кейін едәуір тез өсетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. Қарындашпен қысқа, үзік сызықтарды бір бағытта жоғарыдан төмен салу техникасын жаттықтыру; саңырауқұлақ бейнесін екі сопақшаны тиістіріп салуға дағдыландыру; саңырауқұлақ пен жаңбырды бір композицияға біріктіргенде қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін жетілдіру. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Аяқтың ұшымен жүрейік"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүру іскерліктерін қайталау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; | | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Достарға **саты"**<br>**Мақсаты: балалардың құрылыс материалы текше туралы түсініктерін арттыру; текшенің қасиеттері жөнінде алған білімдерін іс-тәжірибеде, ойында жетілдіру; екі текшеден құрылған екі бағанды бірі-** | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Жау, жау жаңбыр"<br>Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіруе отырып, балалардың оқу қызметінде белсенділіктерін көтеру. | | **біріне қосып, тіреп, екі жақтан бір текшеден тағы да тіреп қо**йып, жасалған сатының қырлары мен бұрыштарын қолмен түзеп отыруға үйрету; үй жануарлары жөнінде ұғымдарды жетілдіру. | қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Тақтайдың үстімен бірге жүрейік"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүру іскерліктерін пысықтау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысын, сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау. | **Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Поиграем с игрушками". Игрушки.<br>Мақсаты: развивать умение слушать русскую речь, отзываться на просьбы взрослого с помощью называния игрушек, выражения просьбы, ответа на вопрос; учить правильно произносить гласные звуки в словах. Развивать артикуляционный аппарат, фонематический слух, слуховое и зрительное восприятие игрушек, основы монологической и диалогической речи, внимание, мышление | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Қалпақты өсімдіктер"<br>Мақсаты: балалардың жеуге жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру; жаңбырдан кейін саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуі жайлы білімдерін кеңейту; тіршілік қауіпсіздігін сақтауға үйрету; табиғат әлемі туралы түсінік беру. Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыруда көркем сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және шығармашылығын дамыту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Жаңбыр"<br>Мақсаты: Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуге үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. | |
| **Вариативті компонент.** | - | **Вариативті компонент/ «Ертегілер әлемінде»** **Тақырыбы:** «Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...» **Мақсаты:** Тілдерін жаттықтыру | - | | - |
| | | | | | |
| **Менің Қазақстаным** | | | | | |
| **Мақсаты:** Отан туралы білімдерін толықтыра отырып, Отанға деген сүйіспеншілікке, қамқор болуға тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Күн дидарлы Қазақстан" Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөренемен жүру және | **Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Қазақстан туралы әңгімелесу" Мақсаты: балаларға Қазақстан Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы жөнінде, Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тақпақты жаттатып үйрету; тақырып бойынша ересектің соңынан | **Математика негіздері** Тақырыбы: "Жасасын Қазақстан!" Мақсаты: балаларда "сол жақ", "оң жақ" түсінігін қалыптастыру; "көп", "біреу", "бір-бірден" ұғымдары бойынша түсініктерін пысықтау; Қазақстан жөнінде алатын мағлұматтарды тиянақтау. | **Сурет салу** Тақырыбы: "Жалауша" Мақсаты: балаларды қарындаш пен сорғышты қолданып, көгілдір түсті жалаушаны салуға үйрету; жалаудың мейрамдарда кеңінен қолданатыны жайында баяндау, Қазақстан Республикасының | **Қоршаған ортамен танысу** Тақырыбы: "Күзгі бақ" Мақсаты: балаларды балабақша ауласындағы күзгі бақпен таныстыра отырып, күздің қарапайым өзгерістері мен ерекшеліктерін бақылай білуге үйрету; күз мезгілінде болатын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | допты лақтыру, ұтып алу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; бөренемен жүру және тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру; допты лақтыру, ұтып алу ептілігіне үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | қарапайым фразаларды қайталауға ұмтылдыру. | Балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "сол қол", "оң қол" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру; бір қасиетті негізге ала отырып, қасиеттері бөлек заттарды екі қолға бөліп ұстау арқылы оң және сол жақты ажыратуды үйрету; зейінді, ақыл-ойды, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту. | Мемлекеттік Туы туралы түсініктерін бекіту. Қылқаламды қағаздың сол жақ шетіндегі таяқшаның бойымен тіке сызық, оң жаққа қарай тура сызық салып, екі сызықтар ұштарын көлденең түзу сызық арқылы қосып, тік төртбұрышты салу техникасын қалыптастыру; ұшына сорғыш оралған таяқшаны көгілдір бояуға батырып, тіктөртбұрыш сұлбасы аясын дақтарға толтырып, бояу техникасын игерту. | табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту; табиғат әлемі мен адамдар арасындағы байланыс туралы ойларын қалыптастыру; табиғат әлемі туралы түсінік беру. |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Күндей сары дөңгелек"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүру дағдыларын қайталау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөренемен жүру және допты | . | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Ақ көгершін"<br>Мақсаты: балаларды ақ көгершіннің сыртқы келбетімен таныстыру; ақ көгершінді тануға, білуге деген құштарлығын қалыптастыру; ақ көгершін жайлы білімдерін кеңейту; Қазақстанның Ата заңы туралы түсінік беру. Балаларды ақ көгершінмен таныстыру кезінде көркем | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ата Заңым ардақты"<br>Мақсаты: балалардың әнді тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; жәй және көңілді әндерді тыңдай білуге жаттықтыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтыру, ұтып алу дағдысын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; бөренемен жүру және тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру; допты лақтыру іскерліктерін қайталау; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | | сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін, құштарлығын дамыту. | білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; Қазақстан туралы ұғымдарын кеңейту. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Бөренемен жүреміз"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүру дағдыларын қайталау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіре отырып, бөренемен жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдысын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Туған өлкем"<br>Мақсаты. Балаларды туған өлке туралы өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру; өлеңнің мазмұнындағы сөздерді мұқият тыңдап, есте сақтай білуге үйрету**.** | | **Жапсыру**<br>Тақырыбы: "Менің үйім осындай"<br>Мақсаты: балаларды дайын шаршы, үшбұрыш пішінді қағаздар арқылы үй бейнесін құрастырып, жапсыруға үйрету; геометриялық пішіндер қасиеттері және желімдеу техникасы жөнінде ұғымдарды қалыптастыру. Қолдың ұсақ моторикасын желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; допты лақтыру іскерліктерін қайталау; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын және оқу қызметін пысықтау. | **Вариативті компонент/ «Ертегілер әлемінде»** **Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісінің қойылымы **Мақсаты:** Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру. | | техникасы арқылы жетілдіру; жазықтықты бағдарлау, заттардың құрамды бейнесін тұтас түрде қабылдау қабілеттерін, бала тілін дамыту. | |

**Қазан айы 2021-2022ж.**

| **Қош келдің, Алтын күз!** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мақсаты:** күз мезгілі және осы мезгілге тән құбылыстар туралы білімдерін кеңейту. | | | | | |
| **Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.** | **Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Домалайды алмалар"Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысына үйрету; сап | **Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Қызыл-сары, сап-сары.. атты тақпақты жаттау. Дауысты [ұ], [ү] дыбыстары." Мақсаты: балаларға күзгі құбылыстың бірі жапырақтардың түсуі жөнінде мағлұмат беру, ересектің соңынан күз туралы көркем сөзді қайталап, жаттауға үйрету; жуан [ұ] және жіңішке [ү] дауысты дыбыстары естілетін сөздерді естуге | **Математика негіздері** Тақырыбы: "Сан алуан жапырақтар" Мақсаты: балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ", "оң қол", "ол қол" ұғымдарын пысықтау; күздің қасиеттері, жапырақтардың түсуі және күзгі ауа райы жөнінде түсініктерін жетілдіру. Балалардың "көп", "біреу", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын | **Сурет салу** Тақырыбы: "Саябаққа күз келді" Мақсаты: балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуға үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін кеңейту. Қылқаламның ұшын сары бояуға малып, алдын-ала салынған ағаш бұталарына, жерге жақпалар қалдырып отыруға жаттықтыру, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйрету; сапқа өздігімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | жаттықтыру. Балалардың артикуляциясын, фонематикалық есту қабілетін қалыптастыру, түстерді ажырату қабілетін жетілдіру, ақыл-ойын, есту, есте сақтау қабілетін дамыту. | жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру дағдыларын қалыптастыру. | жақпалау техникасын жетілдіру. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Допты домалатайық"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін жетілдіру; сапқа өздігімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, | **Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Что где растет?" Овощи и фрукты. Цвета.<br>Мақсаты: развивать способность слушать русскую речь, запоминать и различать названия овощей и фруктов, называть идентичные овощам и фруктам цвета, понимать просьбы взрослого, включаясь в фонетические словесные игры по теме. Развивать артикуляционный аппарат, фонематический | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Сары жапырақтар жерге түсті"<br>Мақсаты: балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру; қағазды жыртып алып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, ұқсатуға үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды кеңейту, жапырақтардың сарғайып түсуі жөніндегі түсініктерді анықтау. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ару күз"<br>Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; күз кереметтері туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | слух, речь, слуховое восприятие речи в целом; развивать умение воспринимать цвета в природе, соотносить идентичным. | | қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Домалайық"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін жетілдіру; сапқа өздігімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып- | | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Алтын күз"<br>Мақсаты: балаларды күз маусымының алғашқы өзгерістерімен таныстыру; күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістердің маңызы туралы түсініктерін кеңейту; балалардың қарапайым экологиялық мәдениетін қалыптастыру; алтын күз туралы ұғым беру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Жапырақтар сарғайды"<br>Мақсаты: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрып домалату дағдыларын пысықтау. | | | | |
| Вариативті компонент | - | **- Вариативті компонент/ «Ертегілер әлемінде» Тақырыбы:** «Шалқан» ертегісі **Мақсаты:** Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | - | | - |
| | | | | | |
| **Күз сыйы** | | | | | |
| | **Мақсаты:** балалардың күздің сыйлары түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру; адамның күзгі еңбегіне деген қызығушылығын тудыру. | | | | |
| **Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.** | **Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Ғажап күздің сыйлығы" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйрету; сапқа өз | **Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білімдер аясын кеңейту; жемістердің бау-бақшада, көгөністердің бақшада өскенін айтқызып, күз сыйларына қатысты көркем сөзді мәнерлеп оқуды пысықтау. Балалардың жемістер мен көгөністерді ортақ белгілер бойынша бөлу және біріктірудегі біліктерін жаттықтыру; тақпақ шумақтарын | **Математика негіздері** Тақырыбы: "Күзгі көректер" Мақсаты: балаларға "оң жақ", "сол жақ", "жұмсақ", "қатты" ұғымдарын түсіндіру; "көп", "біреу", "үлкен", "кішкентай" ұғымдарын пысықтау; жабайы аңдардың тіршілік ету ерекшеліктері, күздің жабайы табиғаттағы сыйлары жөнінде мағлұматтар беру. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" ұғымдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру, заттарды педагогтің нұсқаулары бойынша жазықтықта орналастыру іскерлігін | **Сурет салу** Тақырыбы: "Сәбіз" Мақсаты: балаларды қағаз бетінің ортасына қызыл сары түсті, сопақша пішінді сәбізді қылқаламмен салып, бояуға үйрету; күз сыйлары туралы ұғымдарды дамыту. Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын | **Қоршаған ортамен танысу** Тақырыбы: "Аула сыпырушы" Мақсаты: балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту; балалардың аула сыпырушы еңбегіне құрметі пен қызығушылықтарын арттыру; алтын күз туралы білімдерін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еріктерімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | мәнерлеп айтқызып сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. | жетілдіру. | қалыптастыру. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Күз қандай?"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін дамыту; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды бір-біріне деген мәдени қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметіне белсене араласуы мен | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Күз келді"<br>Мақсаты: балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауға үйрету; тақпақтың жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Себеттегі жемістер"<br>Мақсаты: балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу. Жеміс түрлері арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және ойлау қабілетін дамыту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Себеттегі жемістер"<br>Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықтарын арттыру. | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Айнала алтын күз"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге; сапқа өз еріктерімен тұру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүру дағдыларын пысықтау. | | | **Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: "Күзгі бақшаларға саяхат. Жеміс-көгөністер"<br>Мақсаты: балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұғымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру. Дайын ермексаз бөлігін алақанға салып жылытып, илеп, алақанмен үйкелеп, таяқша пішінін, "сәбізді" мүсіндеу техникасын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдау қабілеттерін, ақыл-ой мен зейінді дамыту. | |
| Вариативті компонент | | **Вариативті компонент/ «Ертегілер әлемінде»**<br>**Тақырыбы:** «Ата мен әжемде қонақта болғанда»<br>**Мақсаты:**<br>Шалқанды отырғызу кезі нде<br>айтылатын өлең шумағы арқылы балалардың тілде рін байыту және білімдерін кеңейту. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| **Ас атасы – нан** | | | | | |
| **Мақсаты:** балаларға нан өнімі туралы алғашқы білімдер беру; адамның нанды құрметтеуге тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| **Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.** | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Нанның құдіреті"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, ұтып алу дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, ұтып алу дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Еркежан әжей нан пісірді атты суреттер сериясын әңгімелеу"<br>Мақсаты: балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагог соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету. Балаларда қарапайым фразаларды құрастырып, нан туралы әңгімелеуде байланыстыра сөйлеу негіздерін қалыптастыру. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Әженің бауырсақтары"<br>Мақсаты: балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден" ұғымдарын түсінуін пысықтау; дене мүшелерінің орналасуын білуге үйрету.<br>Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Тандыр нан"<br>Мақсаты: балаларды дөңгелек пішінді тандыр нан бейнесін шақпақтар және дөңгелектер сияқты ою элементтері арқылы безендіру тәртібіне үйрету; тандырмен таныстырып, нан өнімдері туралы білімдерді толықтыру.<br>Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын-ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сызықтармен шақпақ етіп, дөңгелектің сыртын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру. | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Ас - адамның арқауы"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру; сапқа өз еріктерімен тұру; бөрененің үстімен сенімді жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдыларын қайталау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | **Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Осень золотая" Перелетные птицы<br>Мақсаты: развивать умение понимать русскую речь, составлять простые сочетания слов, используя слово «осень», изменяя падежные окончания, учить называть птиц, выражать отношение к времени года с помощью проговаривания небольших четверостиший о природных явлениях, листопаде, дожде. Развивать умение зрительно и на слух различать птиц, проговаривать их «песенки», развивать речь, слуховое восприятие речи в целом по теме «Осень», развивать цветовосприятие пограничных цветов (красный, оранжевый, желтый), внимание, мышление, воображение. Развивать наблюдательность, чувство прекрасного, интерес к | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары"<br>Мақсаты: балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмарлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмарлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруға үйрету; нан өнімдері жөнінде түсініктер беру. Балалардың қағазбен жұмыс жасау мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және байқағыштығын дамыту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Дастарқан көркі-нан"<br>Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | художественному слову | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Нан бар жерде ән бар"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру; сапқа өз еріктерімен тұру; бөренenің үстімен сенімді жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдыларын пысықтау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын бекіту. | | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Ақ бидай"<br>Мақсаты: балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; Ас атасы – нан туралы ұғым беру. Бидай туралы аңыз әңгіме мен көркем сөздер арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен ойлау қабілетін, танымдық қызметке деген қызығушылығын дамыту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ас - адамның арқауы"<br>Мақсаты: балаларды дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. | |
| Вариативті компонент | | **Вариативті компонент /Қатынас /**<br>**«Ертегілер әлемінде»**<br>**Тақырыбы:** «Осындай үлкен шалқан...»<br>**Мақсаты:**<br>Белсенді балаларды кейіп керлердің<br>рөлдерін эмоция<br>арқылы көрсете білуге<br>үйрету. | | | |

| | |
|---|---|
| | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жыл құстары** | | | | | |
| **Мақсаты:** балаларға жыл құстарының жылы жаққа ұшуы туралы білімдерін толықтыру; құстардың дене құрылымына және шығаратын дыбыстарына деген қызығушылықтарын тудыру. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Торғай секіреді"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Ұшты-ұшты жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [Ш] дыбысы."<br>Мақсаты: балаларды [ш] дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар барысында жыл құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру. Балалардың [ш] дыбысын оңаша, сөз құрамында анық айтудағы артикуляциялық мүмкіндіктерін жетілдіру. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Ақ үйрек, сары үйрек"<br>Мақсаты: балалардың заттарды "біреу" немесе "көп" өлшем бірліктерін, "сол жақ" және "оң жақ" туралы ұғымдарын тиянақтау; күз мезгілі, жыл құстары, үй құстары жөнінде білімдерін жетілдіру. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Көлде жүзген үйрек"<br>Мақсаты: балаларды көлде жүзіп жүрген үйректің айналасына қағаз бойымен көлденең созылған, бірнеше көк түсті ұзын толқынды жолақтарды салу амалымен таныстыру; жыл құстары жөнінде мағлұматтарды толықтыру. Көк қарындаш арқылы үйрек бейнесі аясына иректелген көк толқынды жолақтарды солдан оңға қарай қағаз бойымен салу техникасын қалыптастыру; иректелген толқынды жолақтарды бірінен соң бірін бірнеше қатарда төмен тізіп салуды машықтау. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Күз кереметі"<br>Мақсаты: балаларды күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа деген қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру; адамдардың күзгі әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру; Ас атасы – нан туралы мағлұмат беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдысын жетілдіру. | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Екі аяқпен секіреміз"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін дамыту; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру іскерліктерін жетілдіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Құстар неге сөйлемейді?"<br>Мақсаты: балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, құстардың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; ертегіні тыңдау кезінде әр құстың өзіндік қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету; жыл құстары туралы түсінік беру. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Қарлығаш"<br>Мақсаты: балаларды қарлығаштың сыртқы келбетімен таныстыра отырып, қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту; қарлығаштың тіршілігін бақылау қабілетін қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Торғай"<br>Мақсаты: балалардың түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; жыл құстары туралы ұғым беру. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Торғай секілді секіреміз"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру; сапқа өз еріктерімен тұру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын | . | | **Жапсыру**<br>Тақырыбы: "Торғайды жаңбырдан жасырайық"<br>Мақсаты: балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік жапсырма үлгісін жасауға үйрету; композиция туралы негізгі ұғымдар қалыптастыру; күз мезгілі құбылыстары жөнінде білімдерді жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын желімді кескінге жағып, майлықпен сүрту | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пысықтау. | | | амалдары арқылы дамыту; тамшылар кескіндерін үстіден төменге қарай бағыттап жапсыру техникасына машықтандыру. | |
| **Вариативті компонент** | | **Вариативті компонент.** \Қатынас\«Шалқан» ертегісін сахналау. **Мақсаты:** Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру. | | | |

## Қараша айы 2021-2022ж

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жомарт күз** | | | | | |
| **Мақсаты:** балаларды табиғат құбылыстарын бақылап, эмоционалды жауаптар беруге ынталандыру. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Жомарт қораз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; | **Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Қораз ойыншығымен танысу" Мақсаты: балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру, ойыншықты сипаттау және ол | **Математика негіздері** Тақырыбы: "Дөңгелек пішінді жеміс пен көкөністер" Мақсаты: балаларды дөңгелек геометриялық пішінімен таныстыру; дөңгелек пішінді заттар туралы түсініктерін кеңейту; жеміс пен | **Сурет салу** Тақырыбы: "Апельсиндер" Мақсаты: балаларды қылқалам арқылы қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуға үйрету; мақта таяқшалармен соққылау арқылы салынған | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысына үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысына үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | туралы әңгімелеу тәртібімен таныстыру. Балаларды сөздік ойындарда үй құстарының дыбыстайтын ерекшеліктерін ажыратуға үйрету, көркем сөздер мен қимыл ырғақтарын сәйкестеуге жаттықтыру. | көкөністер туралы білімін бекіту. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру. | шеңбер ішін бояуға толтыруды машықтау; жемістер жөнінде ұғымдарды жетілдіру. Қылқаламды бояуға малып, тіктөртбұрыш аясын бақылап, солдан оңға қарай, бір қатарда, тиістіріп, бірыңғай көлемде дөңгелектерді салу техникасын қалыптастыру; пішінді бояу техникасының негіздерін мақта таяқшаларын қолдану арқылы салу; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейіннің тұрақтылығын дамыту. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Қораз секілді қанат қағайық"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін жетілдіру; сапқа өз | **Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Поехали, поехали.." Транспорт. Цвета.<br>Мақсаты: развивать умение слушать и называть на русском языке виды транспорта, основные цвета, | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Қорап"<br>Мақсаты: балаларды құрылыс материалы кірпіштен қорапша құрастыруға үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу, тиістірілген | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Жомарт түлкі"<br>Мақсаты: балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еріктерімен тұру қабілетін дамыта отырып, еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысына дамыту; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру дағдыларын дамыту. | составлять фразы, передающие способы передвижения с помощью глагола, предлога и имени существительного, составлять фразы из имени существительного и имени прилагательного, учить произносить слоги, передающие способы передвижения транспорта | бұрыштарды, тұтас жасанды құрылыс нысанын көріп, қолмен түзеп отыру қабілеттеріне дағдыландыру; жеміс пен көгөністерді күзде жинап, қыс мезгіліне қор жинау әдетімен таныстыру. | сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Өрмелейік қане біз"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін жетілдіру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыта отырып, еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын қайталау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу | | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Жемістер мен көкөністер"<br>Мақсаты: балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көкөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көкөністер мен жемістерді ажыратып атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Күз желі"<br>Мақсаты: балалардың әуенге деген ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; оқу қызметін пысықтау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру дағдыларын қайталау; оқу қызметін пысықтау. | | | | |
| Вариативті компонент | | **Вариативті компонент \Қатынас\ Тақырыбы:** «Үш аю» ертегісі<br>**Мақсаты:** Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | | . | |
| | | | | | |
| **Көлік** | | | | | |
| | **Мақсаты:** балалардың көлік және көлік түрлері жайлы білімдерін толықтыру; көліктер жайлы қызығушылықтарын ояту. | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Зырылдайды машина"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусаққа тіреп төрт тағандап еңбектеу және | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз [Т],[Д] дыбыстары."<br>Мақсаты: балаларды сөздердің буындары құрамында [т], [д] дыбыстарын айту тәртібімен таныстыру; көліктерді атай отырып, негізгі қимылдау қасиеттерін | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Көліктердің дөңгелектерін жөндейік"<br>Мақсаты: балаларды шаршы геометриялық пішінімен таныстыру; дөңгелек пен шаршы геометриялық пішіндерін, "оң жақ" пен "сол жақ" ұғымдарын түсінуін тиянақтау; көлік құрылымы және оның қажеті туралы білімді бекіту. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Бағдаршам"<br>Мақсаты: балаларды фломастерлермен тіктөртбұрыш пішініне белгілі тәртіпте бағдаршам түстерін құрайтын үш түсті дөңгелектерді салуға үйрету; бағдаршам туралы мәлімет беріп, жол қауіпсіздігі ережелері негіздеріне үйрету. Фломастермен кез келген түсті дөңгелек салынғаннан кейін, | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Аспаз"<br>Мақсаты: балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының аталуын жатқа айтуға үйрету; аспаз еңбегі туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; жомарт күз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
